

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МӘШҒҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ №57 ОРТА МЕКТЕП»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ
БҰЙРЫҚ

«29» 08 2025 жыл

№ 208

Астана қаласы

2025-2026 оқу жылының басталуы және аяқталуы мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ 2025 жылдың 21 тамыз №1905 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 – 2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2025 жылғы 1 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурыз аралығында);

1-сыныптарда: қосымша демалыс – 7 күн (2026 жылғы 09-15 ақпанды қоса алғанда);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 02-15 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;
2) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2026 жылғы 8 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 3 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 11 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 12 маусым.

5) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым;

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Ф.Кабыловаға, Ж.А.Исаеваға, Қ.Шарденоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Г.Н.Сундетов

Бұйрықпен таныстым:

А.Ф.Кабылова

Ж.А.Исаева

Қ.Шарденова